

**БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

ӨЗБЕК ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТИ

ФИЛОЛОГИЯ (ҚАЗАҚ ТІЛІ, ТҮРКМЕН ТІЛІ) КАФЕДРАСЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫ

Пәни бойынша лекция тексти

Дүзген: Ж.Шарипова

Нөкис-2016

Қазақ тілін оқыту методикасы пәні оның сипаты.

Жоспар:

- 1) Қазақ тілін оқыту әдістемесі, және оның мақсаты мен міндеттері.
- 2) Методика сөзінің мағынасы.
- 3) Технология сөзіне түсінік.
- 4) Білім беру әдістемесі классификациясы.

Тірек сөздер: теориялық материалдар, методика, технология, техникалық құралдар, көрнекті құралдар т. б.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі пәнінің негізгі мақсаты- орта арнаулы мектептерде қазақ тілі пәнінің мазмұнын, әрбір салалардың бір-бірімен байланысын, теориялық материалдарын, сондай-ақ тілдің орфографиялық, пунктуациялық дағдыларының жүйесімен берілуін, қазақ тілі сабақтарында көрнекі және техникалық құралдарды пайдалану, тіл дамыту сияқты күрделі мәселелерді қалай оқытудың әдістерін үйрету болып табылады. Қазақ тілін оқыту методикасы пәнін үйренудегі міндеттері:

- қазақ тілі сабақтарында көрнекі және техникалық құралдарды қалай пайдалануды үйрену;
- тіл дамыту жұмыстарын шығармашылықпен жүргізуді үйрену;
- қазақ тілін оқытуға байланысты семинар, әңгіме- пікірлесу сабақтарын оқытуды үйрену;

Қазақ тілін оқыту методикасы мектепте жүргізілетін тиімді жұмыстарының нәтижесін белгілейді, тілдің теориялық материалының аумағын сұрыптай отырып, білім беру технологиясына лайықты іске асырудың өнімді де құнды жүйесіне белгілейді.

«**Методика**» - гректің «*methodos*» яғни құралтану, әдістану деген сөздерден алынған. Бұл оқушыларға жеткізілетін тілдік фактілерді бір жүйеге келтіруде айқындайтын білім беру құралдары технологиясы жиынтығы болып табылады. Методика білім беру құралдары технологиясы жиынтығы болса, ал методология білім беру құралдарын зерттеу жұмыстарда басшылыққа алатын негізгі тірек. Жер бетіндегі жаратылыстану ғылым-дары мен гуманитарлық ғылымдардың өз меншігіне тиетін методикалық тірек методология деп аталады. Яғни зерттеу әдістерінің жиынтығы дегенді білдіреді.

Қазақ тілін оқыту методикасы - мектеп оқушыларына қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беру құралдары технологияларын үйрететін пән.

- 1) қазақ тілін оқыту методикасы-оқу пәндерінің бірі;
- 2) мектеп - білім алатын орын;
- 3) оқушы - білім алатын шәкірт;
- 4) қазақ тілі - тіл білім салаларын зерттейтін ғылым;
- 5) теория - қағидалар жүйесі;
- 6) қағидалардың өзіндік белгілері.
- 7) мен - байланыстырушы жалғаулық.
- 8) практика - күнделікті іске жарату.
- 9) дағды беру - жаттығу, машық;
- 10) құралдар – тұлғалар;
- 11) технология - өнер, шеберлік мағыналарын беретін тізбектер.

Білім беру құралдары технологиясына мыналар жатады: қазақ тілін меңгерудің заңдылықтары, оқыту принциптері, дидактикалық материалдар, білім көлемі, оқыту жүйесі, әдістер мен тәсілдері, оқыту қалыптары, оқыту жоспарлары. Сапалы білім беру жолында методикалық технологияның қызметі орасан.

Технология - гректің «*techne*» - өнер, «*logos*»- ілім деген сөздерден алынған. Методикалық технология білім мен тәрбие берудің шеберлік өнері дегенді білдіреді. Технология - шеберлік құралдары мен тәсілдерін жетік білудің жиынтығы. Методикадағы «технология» - шеберлік өнері құрал-дарын үйрететін ілім.

Методикалық технология классификациясы:

- 1) Макротехнология. 2) Микротехнология.

Макротехнологияға мыналар кіреді: кино, теледидар, радио, компьютер, магнитофон, пластинка, лингафон;

Микротехнологияға мыналар кіреді: тіл салаларының талқысы (интерпретация) - мазмұн, аумақ, көлем, жүйе теориясы, хабарлау, сөйлем құрату, шығарма жаздыру, конкурс, конференция, сынақ, т. б.

Қазақ тілінің білім беру құралдары:

- 1) дәстүрлі әдістер, 2) дәстүрсіз әдістер технологиясы болып бөлінеді.

Дәстүрлі әдістер технологиясына: әңгіме, түсіндіру, кітапты пайдалану, тіл салаларының талдаулары, көшіріп жазу, көрнекі әдістер құралдары жатады.

Дәстүрсіз әдістер технологиясына: сөйлем құрату, шығарма жаздыру, магнитофонды пайдалану, компьютерді пайдалану әдістері кіреді.

Білім беру қалыптары технологиясы: дәстүрлі қалыптар: жаңа, біріккен, бекіту, қайталау, ойын, тексеру қалыптары жатады.

2) Дәстүрсіз қалыптар: лекция, зерттеу, көрініс, практикум, конкурс, конференция, сынақ, олимпиада, рейтинг-тест.

Қазақ тілінен білім беру әдістері дидактикалық жұмыстар мақсатына қарай классификациясы:

1) Теориялық әдістер технологиясы: әңгіме, хабарлау, түсіндіру, тәжірибе, кітапты пайдалану әдістері.

2) Практикалық әдістер технологиясы: талдау тәсілдері, құрату, шығарма жаздыру, диктант жазу, мәнерлі оқу әдістері мен тәсілдері т. б.

3) Көрнекті әдістер технологиясы: сызбаны, кестені, магнитофонды, радионы, компьютерді пайдалану әдістері жатады.

Жаңа методикалық технологияны пайдаланудың үш процесі бар:

1) түсіндіру процесінде;

2) пысықтау процесінде;

3) сынақ процесінде іске асыруға болады.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

1) Қазақ тілін оқыту әдістемелерінің міндеттері қандай?

2) «Методика» сөзі нені аңғаратады?

3) «Технология» сөзіне түсінік беріңдер.

4) Білім беру әдістемесінің классификациясы қандай?

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің даму тарихы

Жоспар:

- 1) Ы. Алтынсарин- тұңғыш ағартушы ұстаз.
- 2) А. Құнанбаев-психолог, данышпан-гуманист.
- 3) А.Байтұрсынов-тұңғыш лингвист-ғалым.
- 4) М.Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегі.
- 5) Қ.Жұбанов- тіл ғылымының алғашқы профессоры.

Тірек сөздер: Қазақ тілші-ғалымдарының еңбектері, методикаға қосқан үлестері.

Ы.Алтынсарин (1841-1889)—қазақ халқының тұңғыш ағартушы-ұстазы, тамаша фольклоршы-этнограф, шебер методист-ғалым, тұңғыш оқулықтың негізін қалаушы. Ы. Алтынсарин Л.Н.Толстойдың, К.Ушинскийдің әдістемелік көзқарастарына сүйене отырып, «Қазақ хрестоматиясы» (1879) және «Қазақтарға орыс тілін үйретудің бастауыш құралы» оқулықтарын жазды.

«Қазақ хрестоматиясы» оқулығының құндылығы сонда, ол көрнекілік принципке негізделген, тез сауаттандырудың жолдарын көрсеткен, әдістемені жетілдіруге үлес қосқан алғашқы туынды еңбек болды.

Ы.Алтынсарин:«Қазір жақсы оқытушыны дүниедегі заттың бәрінен де қымбат көремін...-дей келіп,-...халық мектептері үшін ең керектісі- мұғалім. Тамаша, жақсы педагогика құралдары да, әбден мұқият түрде жүргізілетін инспектор бақылауы да тең келе алмайды», -дейді. Мұнда мұғалімнің білімдарлығы, өз ісіне шеберлігі, творчестволық еңбегі арқылы қолы жеткен озат мұғалімдердің еңбегі сөз болып отыр.

Ы.Алтынсарин қазақ даласында жалпы және кәсіптік білім берудің негізін қалаған, көрнекілік, жүйелілік және оқыта отырып тәрбиелеу принципімен алғашқы сауат ашу үшін оқу құралын жазған қазақ халқының тұңғыш ағартушы-ұстазы. Алтынсаринның «Қазақтарға орыс тілін үйретудің алғашқы нұсқасы» және араб әрпімен басылған «Мактубат» мұсылман дінінің аят-хадисі негізінде жазған «Шариат-әл-Ислам» атты оқулықтары «Қазақ хрестоматиясының» сыны-оқымыстылық тәжірибені молайта түскені дейміз. Қазақ тілінің тазалығын сақтау мәселесіне айрықша мән берді.

Қазақ тілінің тазалығын сақтау жолындағы күрес Ы.Алтынсариннен бастаған. Ы. Алтынсарин тілдік сөздік қорын байытатын, түбінде қазақ тілі жатсынбайтын,

лексикалық байлығын арттыратын «қажетті» сөздерден пікір түйген.

Қазақ халқының әлеуметтік ой-пікірлерінің оянуы ғалымдық, идеялық тұрғыдан емес, эстетикалық тұрғыдан басталған. Ыбырай методиканы қазақ тәжірибесіне тұңғыш рет енгізіп, сонда ол төрт түрлі факторды бірге алып қарайды.

- 1) материал;
- 2) соның берілу тәртібі мен методикасы
- 3) оқушы;
- 4) Мұғалім;

Методиканы тудыру үшін әуелі программаны белгілеп, оқытушының мақсат-мазмұнын айқындау керек. Ол, мәселені хрестоматия кітап жасаудан бастаған. Хрестоматия кітабын жасау арқылы Ы.Алтынсарин қазақ жерінде тұңғыш рет пән ретінде қазақ методикасына жол салды. Бұл хрестоматия мектепке ұлт тілін енгізудің тамаша бастамасы болды.

Мектепте орыс тілін үйретумен байланысты Ыбырай «аударма әдісі» дейтін жүйені енгізді. Бұл пәнді терең меңгеруге негізделген, оқушылардың ынтасын арттыратын әдіс болды.

Оның өлеңдері балаларға әрі білімдік, тәрбиелік мәні зор шығармалар болды. Ыбырай бүкіл Ресей көлемінде көрінген үлкен педагог, методист болды. Оны Эфиоров: "19 ғасырдағы бүкіл Ресей педагогтарының алдыңғы шебіндегі тұңғыш педагог-методист"- дейді.

Ыбырай тағы да материалдарды ойластырылған сабақтар жүйесіне құрып, мөлшерлеп бірте-бірте, содан соң ғана жаңа материалдарға көшу жолын ұсынды.

Ы.Алтынсаринның тіл саласында істеген және бір еңбегі -шағын сөздер жасауы мен қазақ грамматикасынан мағлұмат берген материал ұсынуында. Ол орыс тілінің грамматикасын қазақ тілімен салыстыра отыра таныстырады. «Начальное руководство к обучению Киргизов русскому языку» деген кітабында тақырыптық топтарға бөлінген кішігірім сөздер береді және орыс тілінің грамматикасын қазақ тілімен салыстыра танытады.

Абай Құнанбаев (1845-1904) –қазақ жастарын оқуға, өнерге, мәдениетке үндеуде адамгершіліктің, парасаттылықтың адам қолы жетпейтін асыл мұрасын қалдырған. Ұлы Абай халық бұқарасының тәрбиешісі, психолог, педагог, данышпан-гуманист, ағартушы-ұстаз. Абайдың 45 қара сөзі, прозалық шығармалары, 3 мыңнан астам өлеңдері-бәрінің басты арқауы- қазақ елінің саяси-әлеуметтік жағдайы, жастардың болашағы, оқу, өнер, адамгершілік, еңбек туралы оқып, тәрбие алуы болып келеді.

Абайдың қай шығармасын алсаң да, оның сөздеріндегі карапайымдылық, реалистік, бұқарашыл-публицистік стильмен жазылған өсиет, кеңес, әңгіме- қазақ тілін оқытудың дидактикалық материалын байыта түседі.

Осы жағынан алғанда Абай (оқу үрдісін ұйымдастыруда) терең білімдарлыққа баулып, оқыта отырып, әр оқушыға ұлттық рухани тәрбие берудің адамгершілік принципін ұсынғанын көреміз.

Абай өзінің «Отыз екінші қара сөзінде» ғылымға талаптанушылардың алты түрлі шартты ұсынады. «Адамның көңілі шын мейірленсе білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі...дей келе,..ғылымды талас-тартыс үшін емес, дүниені тануы үшін қоғам, ел мақсаты үшін үйрету керек» деп, оқытушы қауымға білім берудегі ғылыми принципті ұсынады.

Ахмет Байтұрсынов (1873-1938) –қазақтың тұңғыш лингвист -ғалымы, ұстазы, қазақ тіл білімінің қалыптасып дамуының көш бастаушысы, бірнеше әдістемелік мақаланың авторы.Ол көп ізденген, көптеген мақалалар, еңбектер жазған ғалым-әдіскер.

Ф.ғ.д.проф.Н.Оралбай:«А.Байтұрсынұлы - қазақ тілі оқыту әдістемесі ілімінің негізін қалаған тұңғыш ғалым. Қазақ тілін оқыту әдістемесі ілімінің тарихы А.Байтұрсынұлы еңбегінен басталады, өйткені ол тілді оқыту әдістемесі ілімі бойынша кітап шығарған («Баяншы»), мақалалар жазған («Жалпылау, жалқылау әдісі»), («Қай әдіс жақсы?») т.б.-деп, қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған тұңғыш ғалым екенін баяндайды. 1926-28 жылдары шыққан «Жаңа мектеп» журналында әдістеме жайлы 4 мақаласы жарияланады.

А.Байтұрсынов өзінің «Тіл құралының» 322-бетіндегі «Методика мәселелеріне» арналған «Баяншы» деген еңбегінде мұғалімдерге былайша әдістемелік ақыл, кеңес, нұсқау береді: « Үйрену һәм, үйрету ең басында қиын...шабыттанып істемеген іс оңды да болмайды», -дейді.

Ахаң тілді фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен қазақ алфавитін, орфографиялық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен, іс-қағаз, публицистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арасынан көшіру істерімен айналыса бастағанын айтады. Ол қазақ балаларын жазуға үйрету қазақ мектептеріндегі балаларды оқыту, олардың қиындықтары жайлы айтып, өзінің әдіс-тәсілдерін ұсынады.

Ахаң қазақ тілді жалғамалы тілдер қатарына жатқызады да, бастауыш мектептерде алдымен тілдің дыбыс жүйесі, кейін сөз, соң сөйлем жүйелерін үйрету керектігін

айтады. 1929 жылы 5-мамырында «Тіл-құрал» оқулығын жазып шығарады. Ол бірнеше бөлімдерден құралып, алғашқы бөлімінде фонетика, кейінгі бөлімінде морфология, үшінші бөлімінде синтаксис т.б. тақырыптар бойынша қалам тебіrentкен.

А.Байтұрсынов орфоэпиялық және орфографиялық заңдылықтарға сол дәуірде анықтама берген. Мәселен «Сөз дұрыстығы» туралы былай дейді:

1) Сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, сияқты нәрселерді өз орнына тұтыну; 2) сөйлем ішінде сөздерді дұрыс айтып, дұрыс көптеп, орналастыру;

3) сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс орналастыру;

Шындығында да, дұрыс сөйлеу үшін А.Байтұрсыновтың қойып тұрған шарттары дұрыс-ақ. Жалпы алғанда, А.Байтұрсыновты қазақ ұлт мәдениетінің бәйтерегі деп атасақ болады.

М.Жұмабаевтың (1893-1938) «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы» (1925), «Сауатты бол» (1926), «Әліппе ережесіне арналған» (1929) балаларды оқыту үлгілері-алғашқылардың бірі ретінде баланы сауаттандырудың жолын көрсеткен еңбектер болды. М.Жұмабаев: «Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы- мұғалім. Оның табансыздығын сезсе, бала онымен сөйлесуден, тілін алудан қалады», -деп мұғалімдерге ақыл-кеңес береді. Мағжан өзінің педагогикалық еңбегінде педагогиканы психологиямен тығыз байланыста қарайды : «...Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең..-дей келе, ...адам жан сырын тіл арқылы сыртқа шығарады, басқалардың жан сырын ұға алады», -деп баланың оқыту кезіндегі психологиясын ескеріп отыру, оқушымен жақсы қарым-қатынас орнату (коммуникация) қажеттілігі жайында әдістемелік тұрғыда жол көрсетеді. М.Жұмабаевтың «Педагогикасы» (1993) оқу, оқушы үшін қажетті материалдарды жинақтау, мұғалімнің әдістемелік мамандығын байытады.

Қ. Жұбанов (1899-1938) –тіл ғылымының алғашқы профессоры, ірі педагог-ағартушы, методист-ғалым. Қ.Жұбанов қазақ тілін зерттеумен бірге, оның мектеп үшін тұңғыш бағдарламасын жасап, оқулығын жазған, қазақ тілін оқыту методикасын жақсартуға және оның тәртіптелуіне бағыт берген ірі ғалым.

«Буын жігін қалай табуға болады?» деген тақырыпта 1934 жылы жазған еңбегі буын жүйесінің маңызын, оның жігін дұрыс талдауды үйретеді. «Буын жігін, буын сырын анық, жете білмей тұрып, шын сауатты болып кете алмаймыз, оқытушы мұны ұмытпай, буын жүйесін толық түсіндіріп оқыту керек», -дейді.

Проф. Қ.Жұбановтың оқулығында: «Баяндау, талдап түсіндіру нақтылы тілдік

фактілермен дәлеледеу, грамматикалық категорияларды ұштастырып отыру, көрнекілік жолдармен түсіндіру » сияқты әдістерді мол қолдануды ұсынды. Қ.Жұбанов: «Қиынын тауып қаламасаң, байлауын тауып ұстатпасаң, сөз бөлшектері де сөгіліп кетеді» деп әдістеменің жүйелі түрде қаралуын ескертеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

- 1) Қазақ тілін оқыту әдістемесінде Ы.Алтынсариннің еңбегі қандай?
- 2) А.Байтұрсынов қандай еңбек сіңірді?
- 3) М.Жұмабаевтың методикалық еңбегі қандай?
- 4) Қ.Жұбановтың әдістемелік ұсыныстары қандай?

Қазақ тілін оқыту методикасының салалары

Жоспары:

- 1) Қазақ тілін оқыту методикасының пәндік мазмұнына қарай түрлері.
- 2) Жалпы және жеке методика.
- 3) Методика тарихы.

Тірек сөздер: теориялық және практикалық методикалар, «Методикаға кіріспе», методика тарихының салалары, т. б.

Дүниедегі барлық ғылымдардың өзіне тән салалары болады, онсыз ілім өмір сүре алмайды. Жер бетіндегі ғылымдар бір-бірімен байланысты түрде дамиды; оларды бір-бірінен ажыратып тұратын белгі негізгі қарастыратын меншікті объектісіне қатысты болады.

Қазақ тілін оқыту методикасы пәндік мазмұнына қарай үлкен екі топқа бөлінеді:

- 1) теориялық методика.
- 2) практикалық методика.

Теориялық методика қазақ тілінен білім берудегі қағидалар жүйесін қарастырады. Бұл әр түрлі категорияның бір-бірімен қарым-қатынасын, өзіндік белгілерін, ішкі

құрылымын, жүйесін сұрыптап белгілейді. Теориялық методика зерттеу объектісіне қарай мынадай түрлерге ажыратылады;

- 1) Методикаға кіріспе.
- 2) Жалпы методика.
- 3) Жеке методика.
- 4) Методика тарихы.
- 5) Методикадан арнаулы курс т. б.

Методикаға кіріспе пәнінің еншісіне тиетін мәселелер көп: Методикаға кіріспе пәні, объектісі және мәселелері, қазақ тілін оқытудың методикалық негіздері, қазақ тілін оқыту методикасының басқа пәндермен байланысы, тіл білімі, педагогика (дидактика), психология (тіл психологиясы) және логика ғылымдарымен байланысы, қазақ тілін оқытудың дидактикалық принциптері, қазақ тілін оқыту заңдары.

Жалпы методика - қазақ тілінен білім беру құралдарының құрылымдық теориясы туралы ілім. Бұл методикалық теориялардың жиынтығын зерттейді. «Жалпы методика» білім беру технологиясының мәні мен қызметін, олардың қарым-қатынастарын, анықтамаларын, топтары мен түрлерін, ішкі құрылымын, қолдану жүйесін зерттейді.

«Жалпы методика» пәніне тән тақырыптар: «жалпы методика» пәні, объектісі және қарастырылатын мәселелері, методикалық негізгі салалары, қазақ тілін оқыту методикасының зерттеу әдістері, методикалық ұғымдардың, терминдердің ажырымы, технология туралы түсінік, қазақ тілінен білім берудің мазмұны, аумағы, көлемі, жүйе теориялары, қазақ тілі материалдарын меңгерудің ерекшеліктері.

Жеке методика - тілдік салалардың кешенді оқыту методикасын қарастырады. Бұл тілдік материалдарды оқытудың біртұтас жұмыс жүргізу технологиясын белгілейді. Әрбір тілдік салалардағы тақырыптарды толық меңгерудің методикасы қамтылады. Оқытылатын тақырып белгіленеді, көрнекі құралдар, дидактикалық материалдар сұрыпталады, өзіндік белгілері сараланып таңдалып, анықтама немесе ережелер дайындалады. Әрбір тілдік тақырыптардың психологиясына сай дағды түрлері екшелеп алынып, өткізілу технологиясы анықталады.

Жеке методика пәнінің өзіне тән мәселелері мыналар: жеке методика пәні, объектісі, қарастыратын мәселелері, әрбір тілдік салаларды, олардың тұлғалық, мағыналық түрлерін оқыту методикасы т. б.

Сондай-ақ, теориялық методика өзінің зерттелу объектісіне қарай «Методика тарихы» саласы болып бөлінеді.

Методикалық ой-пікірлердің даму, қалыптасу эволюциясын зерттеген саласы методика тарихы деп аталады.

Методика тарихы әр түрлі методикалық көзқарастарды дәуірлерге жіктейді. Кезінде іске асырылған білім беру құралдарының пәрменділігін методикалық тұрғыдан талдау жасайды. Белгілі бір методика салаларына байланысты теориялық ұсыныстар береді. Оқыту тарихында тікелей еңбек сіңірген методика мамандары: Ы.Алтынсариннің, А.Байтұрсыновтың, Х.Арғыновтың, Ә. Исабаевтардың т.б. методика-лық көзқарастары методика тарихына көп мағлұматтар береді. “Методикадан арнаулы курс” жеке білім беру құралдары (технологиясы) тармақтарынан теориялық байым-даулар ұсынады; көлем теориясы, жүйе теориясы, әдіс теориясы, білім беру құрал-дары мәселелері талқыдан өткізіледі. Практикалық методика - қазақ тілінен білім беретін мұғалімдердің іс-тәжірибелерін жинақтайтын сала, яғни методика практикумы деп те жүргізіледі. Практикалық методика оқытудың топталған, жинақталған тиімді технологиясын қарастырады. «Практикалық методика» пәнінің еншісіне тиетін тақырыптар мыналар: методика практикумы және оның мәселелері білім беру құралдары технологиясы, тіл салаларын және тіл мәдениетін оқыту технологиясы.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

- 1) Теориялық методика деген не?
- 2) Практикалық методика деген не?
- 3) Жеке методика мен жалпы методиканың айырмашылығы неде?

Қазақ тілін оқытудағы әдістер жүйесі

Жоспар:

- 1) Әдіс пен тәсіл туралы түсінік.
- 2) Білім беру әдісінің методикалық өлшемдері және классификациялары.
- 3) Әдістің қолдану жүйесінің басты процестері.
- 4) Білім беру әдіс тәсілінің құрылымы.

Тірек сөздер: Теориялық, практикалық көрнекі әдістер, метод, объектіні меңгертудің психологиялық басқышы, материалдардың ауыр-жеңіл характері, материалдарды оқытудағы басты мақсаттары, толық, аралас элементті әдістер т.б.

Әдіс (метод, **methodas**) грек тілінен алынып, «зерттеу» деген мағынаны аңғартады.Бертін келе, алғашқы мағынасын кеңейтіп белгілі бір пәнді оқытудың әдісі дегенді білдіреді. Әдіс - қазақ тілінен теориялық білім беру-дің тәсілдерін, практикалық

дағды мен тәлім-тәрбие берудің амалдарын саралайды, соны практика жүзінде іске асырудың тәсілі мен жолдарының дәл жүйесін көрсетеді.

Қазақ тілінен білім беру әдістері - оқушыларға білім мен білік және дағды беру жолында жүргізілетін тәсілдердің ішкі әрекеті жиынтығы.

Білім деп оқушылардың тілден меңгеретін қағидалар жүйесін түсінсек, **білік** деп алған білімді іс жүзінде күнделікті өмірде қолдана білуін ұғынсақ, ал **дағды** деп осы білікке жетудегі жаттығу жұмыстарының кешенді жүйесін түсінеміз.

Қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді методикада топтап көрсетудің мәні үлкен. Жіктеп көрсетуде, *біріншіден* оқушыға берілетін білімдердің сапасы артады, *екіншіден*, оқушымен жүргізілетін жұмыстардың дәлдігі нығаяды, *үшіншіден*, мұғалімнің істейтін жұмысы жеңілдейді.

Қазақ тілінен білім беру әдістерінің методикалық өлшемдері:

1) Қазақ тілінен білім беру әдістері білім алу көздеріне байланысты классификация жасалады.

а) оқушылар еңбектің барлық саласында бір-бірімен сөйлеседі, қарым-қатынас жасау негізінде білім негізін молайтады.

б) тілдік материалдың практикалық қолданысын көркем әдебиет оқу үстінде түсінеді.

в) білім мен дағды мұғалімнің түсіндіруі бойынша қалыптасады.

2) дидактикалық жұмыстардың мақсатына қарай классификация жасалады.

Оқушылардың терең білім алуы, сапалы меңгеруі, дүниетаным білігінің кеңеюі дидактикалық жұмыстардың мақсаты болып табылады.

3) Білім беру әдістері ірі методистер-ғалымдардың айтқан методикалық ой-пікіріне байланысты классификация жасалады.

Қазақ тілінен білім беру әдістерді төмендегіше классификация жасауға болады:

1) Теориялық әдістер: әңгіме, хабарлау, түсіндіру, тәжірибе және кітапты пайдалану әдістері.

2) Практикалық әдістер: тіл салаларының талдау әдістері, түрін өзгерту, мазмұндау, диктант жазу, шағын шығарма жаздыру, түсініксіз сөздерді үйрету, мәнерлеп оқу т.б. әдістер.

3) Көрнекі әдістер: сызбаны, кестені, карточканы пайдалану, магнитофон, радионы, компьютер пайдалану әдістері.

Әдістердің қолдану жүйесінің басты процестері:

1) Әдістердің іске асырылу жүйесі материалдардың өтілу дәуірлеріне яғни объектіні меңгерудің психологиялық басқыштарына қатысты болады. Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы бойынша оқушыларда белгілі дәрежеде ұғым, түсінік пайда болады. Бұл кезде өтілген материалдар оқушылар ойында сәулеленеді. Белгілі бір объекті логикалық ойлаудың тәсілдері мен екінші сигнал жүйелері нәтижесінде ой қорытындысы жасалады.

2) Әдістердің іске асырылу жүйесі материалдардың ауыр-жеңіл характеріне байланысты орындалады. Өтілетін тақырыптың өзіндік белгілері бесеуден артық болса, меңгеретін оқушыларға ауырлау соғуы мүмкін. Сондықтан да мұғалім алдымен түсіндіру әдісін талдау тәсілдерімен ұштастырады. Өткенді еске түсіру және жаңа материалмен байланыстыру мақсатында алдыңғы сабақта не берілгені жинақталады. Соған сәйкес оқушылардың түсінбеген сұрақтарына жауап беріледі. Қойылған сұрақтарға бірде оқушылар, бірде мұғалімнің өзі жауап қайтарып отырады.

3) Әдістердің іске асырылу жүйесі материалдарды оқытудағы басты мақсаттарға қарай жүргізіледі.

Белгілі бір грамматикалық тақырыптарды өту үстінде әдістер кешені бір-бірімен байланысып отырады. Мұндайда әдістердің екі түрлі қызметі көрінеді:

1) толық элементті әдіс.

2) аралас элементті әдіс.

Толық элементті әдіс оқушыларға теориялық білім мен практикалық дағды беруде қызмет атқарып, белгілі бір әдіс жүйесінде дараланып отырады. Ал аралас элементті әдісте әр түрлі әдістердің іске асырылу жүйесі лингвистикалық фактілерді тірек етіп психологиялық факторлар негізінде методикалық принциптер мен заңдар бойынша жүзеге асады. Таза практикалық жұмыстардың орындау тұсында түсініксіз сөздерді түсіндіру, сөйлеу тілін дамыту, мәнерлеп оқу, қосымша әдебиеттермен істеу тәсілдер кешені жұмсалады. Теориялық тілдік материалды оқытуда әңгіме, хабарлау, тәжірибе, түсіндіру, кітапты пайдалану әдістері жүйесі қолданылады. Ал әрі теориялық, әрі практикалық мақсатта жүргізілетін әдістер жүйесіне мыналар кіреді: қазақ тілі тақырыптарын талдау, тілдік материалдың түрін өзгерту. Әдістердің іске асырылу тәртібі қазақ тілінен білім беру әдіс-тәсілінің құрылымына тікелей байланысты. Әдіс-тәсілінің құрылымы әдіс элементтерінің қарым-қатынасы ретінде танылуы қажет. Әдістердің құрылымы, біріншіден, оны құрастырған элементтердің кірігуі тұрғысынан, екіншіден, осы күнгі дамуы тұрғысынан қаралуы тиіс. Әдіс құрылымында оның ішкі

бірлігі, тұтастығы болатындығы дәлелденіп келеді. Әдіс құрылымында бірыңғай тұтастық бар, ол тәжірибе негізінде қалыптасады.

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1) Әдіс деген не?
- 2) Әдістердің қолдану жүйелерінің басты процестері.
- 3) Білім беру әдіс тәсілдерінің құрылымы қандай?
- 4) Білім беру әдіс тәсілдерінің методикалық өлшемдері қандай?

Теориялық білім беру әдістері, түрлері

Жоспары:

- 1) Теориялық әдістер туралы түсінік.
- 2) Теориялық әдістердің түрлері.
- 3) Қорытынды.

Тірек сөздер: әңгіме, хабарлау, түсіндіру, тәжірибе, кітапты пайдалану әдістері т. б.

Теориялық әдістер тілдік материалдардың негіздері мен заңдылықтарын, анықтамалары мен ережелерін меңгертумен бірге, практика қажетіне жаратуға бағыт сілтейді. Мұғалім белгілі бір тілдік тақырыптың өзіндік белгілерін ғылыми тұрғыдан сұрыптап, материалдардың мазмұны мен көлеміне орай тақырыптардың оқытылу жүйесін белгілейді. Бұл әрқашан бағдарлама көлеміне негізделеді де, әр сыныптағы оқушылардың ой дәрежесі мен жас ерекшеліктеріне сәйкестендіріледі. Мұғалім теориялық материалдарды өзі ғана мазмұндамай, оқушыларды да қатыстырып, практикалық тұрғыда іздендіріп отырады. Өтілетін материалдардың өзіндік ерекшеліктерін оқушыларға талдата отырып меңгертуде, әуелі тақырыптардың ішкі қасиеттерін өзара саралап, осыған лайықты дидактикалық мысалдар табуды жүктеген мақұл. Теориялық әдістер тілдік материалдардың өзіндік белгілерін, жасалу жолдарын, анықтамалар мен ережелерін үйретеді.

Қазақ тілінен теориялық білім мен практикалық дағды беруде бірде мұғалімнің өзі түсіндіріп, бірде оқушының өзін іздендіретін әдістің бірі - **әңгіме әдісі**. Сұрақ-жауап

арқылы жүргізілетін білім беру құралы әңгіме әдісі деп аталады. Мұны кейде сұрақ-жауап әдісі деп те атайды.

Бұл әдістердің құрылымдық элементтері:

1) Оқушылардың тілдік материалдарды бақылауы. (көптік жалғауының қалай жалғанғанын айтып, мысалмен дәлелдейді Мысалы: *қаздар, қонақтар, өзендер, үйлер*, т.б.)

2) Тілдік материалдарды сұрақтар негізінде меңгеруі. (көптік жалғаулар қалай жалғанады екен?)

3) Материалдардың өзіндік белгілерінің сұрақтар арқылы айтылуы.

(с: көптік жалғаудың қандай өзіндік белгілері бар? ж: көптік жалғауы буын және дыбыс үндестігі бойынша жалғанады.)

4) Сұрақ-жауап бойынша тақырыптың өзіндік ерекшеліктеріне орай ережелер мен анықтамалардың шығуы.

(с: көптік жалғау деген не? ж: заттардың бірнеше екенін білдіретін қосымшаға көптік жалғау дейміз.)

5) Тақырыпқа байланысты практикалық дағдылардың жүргізуі. (көптік жалғауын кірістіре отырып, сөйлем құрау)

Ақпарат арқылы жүргізілетін білім беру құралын **хабарлау әдісі** деп атайды.

Тілдік фактілердің жалпы қасиеттерін хабарлай отырып, оның жасалу жолдарына көз жеткізеді. Хабарлау әдісінің құрылымдық элементтері:

1) дидактикалық материалдарға оқушылар көз жүргізеді. Мысалы: Бастауыштың жасалуы (схемасы тақтаға ілінеді)

Сан есім	Мысалы: (Үшеуі) суыт жүріп кетті
----------	----------------------------------

2) анықтама мен ережелерді мұғалім өзі айтып береді. (мысалы: Сөйлемде атау септігінде тұрып, іс-оқиғаның иесін білдіретін тұрлаулы мүшені бастауыш дейміз)

3) Материалдардың өзіндік белгілерін жазып, тақтаға іліп қояды.

- | |
|--|
| <ol style="list-style-type: none">1. атау септік тұлғаларда тұрады.2. іс-оқиғалардың иесін білдіреді3. кім? не? деген сұраққа жауап береді.4. баяндауышпен жекеше, көпше түрде қиыса байланысады. |
|--|

- 4) Материалдардың өзіндік белгілерін біртіндеп хабарлайды.
- 5) Өтілетін материалдарға байланысты практикалық дағдылар жүйесі орындалады.

(Мысалы: Абай, Құрманғазы, «Ботагөз» романы сөздерін қатыстырып сөйлем құрау)

Бірыңғай түсіндіру арқылы жүргізілетін білім беру құралдарын **түсіндіру әдісі** деп атайды. Бұл әдіс екі түрге бөлінеді:

1) Мұғалімнің түсіндіруі.

2) Оқушылардың түсіндіруі.

Құрылымдық элементтері:

1. мұғалімнің көрнекі құралындағы мысалдарды қарап шығады («Сын есімнің сөйлемдегі қызметі» Мысалы: *Сұйықтау қоңыр шашының арасынан бас құйқасы көрінеді*)

2. Мұғалім тақырыптың өзіндік белгілерін тәртіп-пен түсіндіреді (сұйықтау, қоңыр - деген сын есімдер қандай деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш болады)

3. Мұғалім тақырыптың өзіндік белгілерін жинақтайды. (Мысалы: 1) сын есім сөйлемде анықтауыш, пысықтауыш, баяндауыш болады.

2) заттанған сын есімдер бастауыш, толықтауыш болады. Мысалы: жүйрік тоқтығын, жомарт жоқтығын білдірмес.)

4. тақырыпқа тиісті анықтамалар мен ережелер айтылады. (Мысалы: сын есімнің зат есім мағынасында жұмсалуды сын есімнің заттануы деп аталады. Мысалы: Білімді мыңды жығар)

5. Практикалық дағдылар орынадалады. (анықтауы, пысықтауыш, толықтауыш болып сын есімдерді қатыстыра сөйлем құрау)

..... қашпа

..... баспа

..... дүние жарық

..... күні кәріп

Көрсету арқылы жүргізілетін білім беру құралын **тәжірибе әдісі** деп атайды. Бұл әдісте оқушы мен мұғалімнің белсенді қарым-қатынасы тікелей сезіледі.

Құрылымдық элементтері:

1. мұғалімнің көрнекі құралындағы мысалдарды қарап шығады. (Мысалы: дауыстылардың еріннің қатысуына қарай бөлінуі. О-Омар, ө-өнер, е-егін, ы-ыдыс т.б.)

2. өзіндік белгілерін тәжірибе жасап көрсетеді.

3. еріндік дауыстылар қос еріннің сүйірленуі арқылы жасалады, ал езулік дауыстылар екі езудің тартылуынан жасалады. Оқушылар материалдардың өзіндік белгілерін дауыстап оқиды.

4. тақырыптың анықтамалары мен ережелері айтылады.(еріндік дауыстыларды айтқанда ерін сүйірленіп, ілгері созылады да, езулік дауыстыларды айтқанда езу тартылып, ерін кейін қарай жиырылады)

5. Дағдылар жүйесі жүргізіледі. (Мысалы: көп нүктенің орнына еріндік пен езулік дауыстыларды қойың. Мысалы: ..қу, к..л, м..жіліс, м..қ..л т.б.)

Анықтама арқылы білім беру құралын **кітап пайдалану әдісі** деп атайды.

Кітапты пайдалану әдісі сабақтың бірнеше түрлерінде қолданылады:

- 1) Жаңа материалдарды түсіндіру тұсында;
- 2) Жаңа материалдарды бекіту үстінде;
- 3) Біріккен сабақ жүргізу кезінде;
- 4) Қайталау сабақта;
- 5) Үй тапсырмасын беру және тексеру процесінде;

Сұрақтар мен тапсырмалар

- 1) Теориялық әдістерге нелер жатады?
- 2) Теориялық әдістердің құрылымдық элементтерін атап беріңдер.
- 3) Тәжірибе әдісі мен кітапты пайдалану әдістерінің айырмашылығы?

Практикалық дағды қалыптастыру әдістері, түрлері.

Жоспар:

- 1) Практикалық әдістер туралы түсінік.
- 2) Талдау әдістері туралы түсінік.
- 3) Талдау - байымдау, талдау - түйіндеу тәсілдері олардың құрылымы.
- 4) Аналитикалық әдістерінің өлшемі мен классификациясы.
- 5) Талдау әдістерінің құрылымы және талдаудың түрлері.

Тірек сөздер: анализ, синтез, индукция, редукция, субъект, предикат, атрибут, реляция т. б.

Практикалық әдістер тіл заңдылықтарының өзіндік белгілерін практикалық дағдылар арқылы меңгертуде үлкен қызмет атқарады. Жаттығу жұмыстары қазақ тілі материалдарына орай берілген теориялық білімді бекітуде дұрыс жазу емлесі мен дұрыс жазу нормаларын қалыптастырғанда және оқушылардың тілін ширату, тілін

дамыту дағдыларын асыруда аса зор септігін тигізеді. Практикалық әдістер осы бағытта іске асырылады. Бұл әрі қазақ тілі материалдарының бір-бірінен айырмашылығын, бірімен-бірінің байланысын, жасалу жолдарын, өзіндік белгілерін, анықтама мен ережелерін қайталап, пысықтап бекіту үшін де қолданылады.

Белгілі бір тілдік материалдардың ішкі құрылыстарын, ішкі заңдылықтарын танытатын білім беру құралдарын АНАЛИЗ әдісі деп атайды. Анализ - гректің сөзінен алынып, «ыдырату» дегенді білдіреді. Белгілі бір тілдік тақырыптарды жігіне қарай талдау, ажырату, деген мағынада қолданылады. Мысалы, сөйлемді жай сөйлемге, сөйлемдегі сөздерді сөз табы мен сөз құрамына, сөздерді буынға, буынды дыбысқа талдатып отыру- анализдік жолмен оқытуға жатады. Ыдыратуға қарама-қарсы жасалған құбылыс - СИНТЕЗ. Бұл грек тілінен алынып «біріктіру» деген мағынаны аңғартады немесе жеке бөлшектерден бүтін жасау деген мағынада қолданылады. Мысалы, әріптен сөз құрату, сөзден сөйлем құрату, жай сөйлемнен құрмалас сөйлемдер жасату- синтездік жолмен оқыту болып табылады. Ыдырату-біріктіру бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар.

Талдау мен жинақтау да логикалық ойлаулардың тәсілдері арқылы жүзеге асырылады:

1) Индукция – латын сөзінен алынып, «даралық» дегенді аңғартады. Индукция - жеке, дара пікірлерден жалпылай ой қорытындысын шығарудың тәсілі немесе дарадан жалпыға қарай түсіндіріп білу амалы. Бұл тәсілмен мұғалім тілдік материалдарды дара фактілер мен дара ұғымдар арқылы дәлелдеп, жалпы ұғымда жалпы фактіні түсіндіреді.

Мысалы: жалпы есімді түсіндіретін болса алдымен нақты мысалдар арқылы жер, су, аттарын көрсеткен сөздерді, олардың ерекшеліктерін көрсетеді, сол арқылы мағыналары мен жазылу ерекшеліктерін талдап, жалпы қорытынды шығарады, жинақтап ережелерін айтады.

2) Дедукция- латын сөзінен алынып, жалпылық деген мағынаны білдіреді. Бұл- жалпыдан дараға қарай ой қорытындысын шығару деген сөз. Дедукциялық тәсіл бойынша тілдегі жалпы фактілерді алып, соның ішіндегі жеке тарауларын оқушының өздерін іздендіру жолымен жинақтай отырып, нақты ой қорытындысын шығарады. Мысалы, жалқы есімді түсіндіретін болса, алдымен заңдылықтарын жалпылай айтқызып, кейін жеке бөлімдерін талдату жолымен ой қорытындысын шығарады.

Индукциялық та, дедукциялық та ой қорытындысын қамтитын талдау, бұл - талдау-байымдау.

Байымдау тілдердің өзіндік белгілерінің жүйеленуі болып табылады. Байымдау талдауда тілдік материалдардың өзіндік белгілері әңгіме, хабарлау, түсіндіру тәсілдері арқылы жеткізеді. Талдау байымдаудың құрылымдық элементтері:

1) субъектіден тұрады (латынның **subiectum** - адам, предмет, бастауыш деген сөзінен алынған).

2) предикаттан құралады (латынның **praedicatum** - логикалы баяндауыш сөзінен алынған).

3) байланыстан (связка) жасалады.

Мысалы: 5-сыныпта өтілетін сын есім анықтамасы былай берілген: «Сын есім дегеніміз заттардың түр-түсін, сапасын және көлемдік аумағын беретін сөз табы» деген, байымдау - талдаудың субъектісі - («сын есім») предикаты - (заттардың түр-түсін және көлемдік аумағын білдіретін сөз табы).

Предикаттың субъектіге қатысын беретін байланыс (связка) - («дегеніміз») сөзі.

Ой қорытындысын хабарлауда талдау-түйіндеу де үлкен қызмет атқарады. Талдау-түйіндеуге тілдік материалдардың анықтамалары мен ережелері жатады.

Талдау - байымдау мен талдау түйіндеу ой қорытындылары аналитикалық әдістерді классификация жасауға методикалық өлшем етіп алынады.

Аналитикалық әдістердің классификациясы:

1) Түсіндірмелі талдаулар (лексикалық, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдау әдістері).

2) Анықтағыштық талдаулар (орфографиялық, пунктуациялық, орфоэпиялық, стилистикалық талдау әдістері).

Бір бүтін ұғымдардың (заттардың) бойындағы әр тектес элементтердің реляциясы мен бірлігін **құрылым** деп атайды.

Талдау әдістерінің құрылымы:

1. Атрибут - белгі.

2. Субстанция - түп негізі.

3. Реляция-қатынас.

Атрибут - (латынша **attributum**) бірдеменің, заттардың белгісі, заттан ажырамайтын тәуелділік дегенді білдіреді.

Субстанция (латынша **substantia**) заттар мен құбылыстардың мәні, табиғаты, түп негіз дегенді білдіреді.

Реляция (латынша **relatio**) қатынас деген мағынаны білдіреді.

Қазақ тілі бойынша талдаулар мазмұнына қарай былай жіктеледі:

- 1) Түсіндірмелі талдаулар.
- 2) Анықтағыштық талдаулар.

Ал көлеміне қарай да екі түрге бөлінеді:

- 1) Толық талдау.
- 2) Тақырыптық талдау.

Толық талдау - бағдарлама материалдарын толық өтіп болғаннан кейін және белгілі бір өтілген материалдарды қайталау, оқушылар білімін есепке алу үстінде қолданылады.

Тақырыптық талдау жаңа сабақ түсіндіру, оны бекіту, машықтандыру, және оқушылардың өз бетінше істеу жұмысын ұйымдастыруда қолдануға болады.

Орындалу тәсілдеріне қарай талдау:

- 1) Ауызша.
- 2) Жазбаша жүргізіледі.

Қазақ тілі бойынша талдау мынадай орындарда қолданылады:

- 1) жаңа материалдарды түсіндіру процесінде;
- 2) материалдарды бекіту кезінде;
- 3) оқушылардың өздігінен істейтін сынақ жұмыстарында жұмсалады ;
- 4) үй тапсырмасын орындауда;
- 5) оқушылар білімін есепке алу жұмыстарында жұмсалады;
- 6) түрлі дағдыландыру, жаттығу жұмыстарын жүргізу үстінде пайдаланылады;

Сұрақтар мен тапсырмалар.

- 1) Практикалық әдістерге нелер кіреді?
- 2) Талдау әдістері деген не?
- 3) Аналитикалық әдістердің өлшемі мен классификациясы.
- 4) Талдау-байымдаудың құрылымдық элементтерін атаңдар.

**Қазақ тілі сабақтарында орфографиялық
дағды қалыптастыру.**

Жоспар:

- 1) Орфографиялық талдаудың методикалық жүйелері.
- 2) Орфографиялық қателерді тексеру және оны түзету тәсілдері.
- 3) Орфографиялық сөздікпен істеу тәсілдері.

Тірек сөздер: емлелік материал, дыбыс және буын заңдылықтары, орфографиялық сөздік т.б.

Мектеп оқушыларының сауатты жаза білуі қазақ тіліне қатысты орфографиялық ережелерді жете меңгеріп, оны практика қажетіне қарай қолдана алуына байланысты. Сондықтан қазақ тілі материалдарын өту үстінде орфографиялық мәліметтерді қатыстырып, үнемі қайталап еске түсіріп отыруды ұмытпау керек. Орфографиялық талдау тұсында дыбыстың түрлері, олардың жасалуы, дыбыс пен буын заңдылықтары және үндестік заңының ерекшеліктері қайталанып отырылуы керек. Қазақ тіліне қатысты орфографиялық талдау мынадай методикалық жүйе негізінде орындалады:

- 1) белгілі бір орфографиялық тақырыпқа сай сөйлем не мәтін таңдалады;
- 2) Сөйлемді оқушы дауыстап оқиды;
- 3) Мұғалім осы мәтіннен қайсы орфографиялық ережелерді байқау керектігін айтады;
- 4) оқушылар сөйлемдегі әріптер мен буындардың, сөздер мен сөз тіркесінің жазылуын түсіндіреді.
- 5) талдау мақсаты мен шартына жауап бере алатын және таңдап алынатын сөздердің асты сызылған объектілеріне ғана талдау жасалғаны жақсы.

Мәселен: Айбала Ботакөзге жәрдемдесуге бірнеше рет оқталды. Оқушыларға (Айбала) деген сөзді талдау керектігін жүктейді. Бұл - біріккен сөз, жалқы зат есім, кісінің аты, біріккен есім екі сыңарлы: біріншісі (ай) екінші сыңары (бала) екендігін айтады. Үш дауысты, үш дауыссыз дыбыс бар. (А) әрпі сөз басында, ортасында және соңында жазылып тұрғандығы дәлелденеді. Дауыссыз үнді (й) дыбысы тек дауысты дыбыстан кейін жазылатыны ескеріледі, (б) әрпі сөз басында және ортасында қолданылатындығы түсіндіріледі. Бұл сөз буын заңдылығына байланысты Ай-ба-ла түрінде осы жүйемен талданып барылады. Талдау соңында барлық емлелік объектілер жинақталады. Орфо-графиялық тақырыптарға арналып жазылған кестелер мен сызбаларды оқушылардың өздерін іздендіре отырып, талдау жұмыстарын жүргізуге болады. Мәселен, мұғалім сөйлем ішіндегі әрбір әріптің жазылу емлеліктеріне сәйкес өзіндік белгілерін көрсете отырып талдауды да жүргізіп отырады.

Қазақ тіліне байланысты оқушылардың жазба жұмыстардағы қателерін дәптерде не тактада тексеріп және оны түзетіп отырудың сауаттылық үшін пайдасы мол. Сондықтан дәптерді күнделікті қадағалап тексеріп, ондағы қателерді түзетіп отырудың қызметі ерекше. Оқушылар дұрыс жазып үйрену нәтижесінде орфографиядан білім мен дағды алады. Бір айдың ішінде ең кемінде әрбір сынып оқушыларының дәптерлері 2-3 рет тексерілуі қажет. Орфографиялық қателерді түзетуде мына тәсілдер іске асады:

- 1) дәптерде жіберілген орфографиялық қатенің асты қысқа сызықпен сызылады да, дәптердің шетіне сол сөздің дұрысы жазылады. Мысалы, Арман мектептен сылық алды. (сыйлық)
- 2) дәптерде жіберілген қателердің асты сызылып, ақ шетке оқулықтағы ереженің параграфы мен беті көрсетіледі.
- 3) дәптерде жіберілген қателердің асты сызылады да, бірақ ол түзетілмейді. Оқушылар осы сөзге қарай отырып, неліктен қате жібергендігін өздері тауып түсіндіреді. Бұдан кейінгі дәптердегі пунктуациялық қателердің асты қос сызықпен, стилистикалық қателердің асты ирек сызықпен сызылып көрсетіледі.

Орфографиялық сөздікпен істеу тәсілдері.

Орфографиялық тақырыпты оқушыларға меңгертуде орфографиялық сөздікпен жұмыс істеудің практикалық дағдылар үшін пайдасы мол. Орфографиялық сөздік төмендегі талаптарға сәйкес жазылуы тиіс:

- 1) орфографиялық сөздік әрбір сынып оқушыларының алған біліміне сай, сөздік қоры мен сөз байлығын есептей отырып жасалуы қажет;
- 2) бұл Білімдендіру Министрінің сөздікке арналған бағдарламасына сәйкес жасалуы тиіс;
- 3) мұнда жазылуы қиын деген сөздер берілуі керек;
- 4) сөздік жасауда оқушылардың әр сабақ сайын қанша сөз меңгеретіндігі де ескерілуі абзал;
- 5) әр оқушы, әр сынып, жыл сайын қанша жаңа сөз үйренетіндігі де қарастырылуы қажет;
- 6) сөздіктердің әрбір сөзі екпінмен ажыралып тұруы керек;

Орфографиялық сөздіктің пайдалы жақтарын мынадай жұмыстардан көруге болады:

- 1) бұл сөздікпен істеу процесінде әріптердің, буындардың, сөздердің, сөз тіркестердің, сөйлемдердің жазылуын талдап жинақтайды;
- 2) олар аса ауыр емелік материалдарды меңгере алады;

- 3) сөздікпен істеу барысында теориялық материалдарды практикалық қажетіне жаратады;
- 4) әрбір емлелік тақырыптармен істеу нәтижесінде, оқушылардың білім дәрежесі толық қалыптасады;
- 5) орфографиялық сөздікпен істеу процесінде әрбір оқушының көру қабілеті нығайып, көзі жаттығады;

Сұрақтар мен тапсырмалар.

- 1) Орфографиялық талдаудың методикалық жүйелері қандай?
- 2) Орфографиялық қателерді тескеру тәсілдерін атаңдар.
- 3) Орфографиялық сөздікпен істеу тәсілдері қандай?
- 4) Орфографиялық сөздіктердің маңызы неде?

Қазақ тілі сабағында орфоэпиялық дағдыларды қалыптастыру.

Жоспар:

- 1) Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыру.
- 2) Дұрыс айту дағдыларын қалыптастырған методикалық тәсілдер.
- 3) Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда дыбыстау мүшелерінің қызметі.
- 4) Дұрыс сөйлеу ережесінің құрылымдық элементтері және түрлері.

Тірек сөздер: орфоэпия, дыбыстандыру мүшелері, тыныс мүшелері, дауысты, дауыссыз дыбыстың жасалуы.

Орфоэпия қағидаларын түсіндіру, саналы түрде алып барылады. Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда мынадай психологиялық жұмыстарды ескеру керек:

- 1) оқушыларды жас кезінен бастап сөздерді дұрыс айтуға үйрету;
- 2) сөйлем, мәтін оқу үстінде дауыстың анық естілуіне жаттықтыру;
- 3) есту мен сезу қабілетін тәрбиелеп бару;
- 4) оқушылардың көру дағдысын асыру;
- 5) өз сөзіндегі дауыстың айтылу қасиетін тыңдату;
- 6) басқа біреудің сөзіндегі дауыстың шығу мен айтылу ерекшеліктерін байқату;
- 7) бақылағыштық қабілетін өсіріп бару т.б.

Дұрыс айту дағдыларын қалыптастыратын методикалық тәсілдердің маңызы үлкен. Соның бірі - дұрыс сөйлеу нормасына еліктеу тәсілі. Орфоэпиялық жақтан дұрыс сұрыпталған сөйлемдер мен мәтіндерді оқыту прозаларда әдеби тілде дұрыс айта, дұрыс сөйлей білетіндерге тікелей еліктейді. Дұрыс сөйлеу нормаларына еліктеу тәсілдерінің құрылымдық элементтері:

- 1) Мұғалім сөз ішіндегі дыбыстарды өзі айтып көрсетеді.
- 2) Мұғалімге еліктей отырып, оқушының өзі дұрыс айтып береді.

Еліктеу тәсілі мынадай методикалық баспалдақ арқылы жүзеге асырылады:

- 1) объектіге алынған дыбыстар мұғалім тарапынан көрсетіледі.
- 2) қандай дыбыстармен алмастырылғандығы салыстырылады.
- 3) дыбыс бір-бірімен байланысқандығы ескеріледі.
- 4) дұрыс айтылуына лайықты дағдылар көлемі іске асырылады.

Мысалы: (н-ң) дұрыс жазылуы қанқұрт, дұрыс айтылуы қаңғұрт. (қ-ғ) қанқұрт-қаңғұрт.

Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда тәжірибе әдісінің дыбыстау мүшесінің қызметін түсіндіру тәсілі де орасан қызмет атқарады. Оқушыларға дыбыстау мүшесінің қызметі белгілі бір суреттер мен фонетикалық аппараттар бойынша көрсетіліп, дыбыстың жасалу орны, айтылуы мысалдар негізінде ауызша түсіндіріледі. Дыбыстау мүшесінің қызметін көрсету тәсілінің құрылымдық элементтері:

- 1) дыбыстау мүшесінің қызметін мұғалім айтып түсіндіреді.
- 2) бірер дыбысты тәжірибе жасай отырып, дыбыстау мүшесінің қызметін мысалдармен дәлелдейді.
- 3) дыбыстау мүшесінің қызметін оқушылардың өздері дәлелдейді.
- 4) дыбыстау мүшесінің қызметіне сай жаттығу жұмыстарын жүргізеді.

Сөйлеу тілінің дыбыстары белгілі дыбыстаушы мүшенің қызметі арқылы шығады.

Адамдардың дыбыстаушы мүшесі үш саладан тұрады:

- 1) тыныс мүшелері;
- 2) тамақ мүшелері;
- 3) қуыс мүшелері;

Өкпеден шыққан ауа дауыс шымылдығына соғылып, діріл жасайды. Мұның әсерінен жаңғырық пайда болады. Қуыс мүшесіне ауыз және мұрын қуыстары кіреді. Ауыз қуысындағы дыбыс шығаруға қатынасы бар кедергі мүшелер мыналар: ерін, иек, тіс, тіл, таңдай, кішкене тіл.

Ерін-дыбыс шығаруда қатысы бар жылжымалы мүше. Екі еріннің бір-біріне жымдасуы, түйісуі, дөңгеленуі арқылы бірнеше дыбыстар жасалады.

Орфоэпиядан білім беруде дұрыс айту ережесінің қызметі үлкен. Дұрыс сөйлеу ережесінің құрылымдық элементтері:

- 1) дұрыс айту ережелері мұғалімнің сөзі бойынша ұғындырылады;
- 2) дұрыс сөйлеу ережелері көрнекі құралдар арқылы бағдарланады
- 3) түрлі мысалдар бақылау бойынша меңгертіледі;

4) дұрыс айту ережелеріне лайықты дағдылар түрлері іске асырылады;

Дұрыс сөйлеу ережелеріне байланысты дағдылардың мынадай түрлері жүргізіледі:

- 1) еріндік пен езулік дауыстылардың дұрыс айтылуына мысал іздеу;
- 2) езуліктің дұрыс айтылуына сәйкес мысал таптыру;
- 3) жуан, жіңішке дауыстылардың айтылуына сай мысалдардың айтылуын бақылау;
- 4) үнді, ұяң дауыссыздың айтылуы ережелерін пысықтау;
- 5) бір сөз ішінде қатаң дауыссыздың үндесуін байқау;
- 6) сөздер мен сөз тіркесінің айтылуындағы айырмашылықтарды дәлелдеу т.б.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

- 1) Дұрыс сөйлеу дағдыларын қалыптастырудың өзіндік ерекшеліктері неде?
- 2) Дұрыс сөйлеу нормаларының құрылымдық элементтері.
- 3) Дыбыстау мүшелерінің салалары қандай?
- 4) Дұрыс сөйлеу ережелерінің дағдылары қандай?

Қазақ тілінен жүргізілетін жазба жұмыстар, олардың методикасы.

Жоспар:

- 1) Диктант, олардың түрлері.
- 2) Мәтіні өзгертілмеген диктанттар.
- 3) Мәтіні өзгертілген диктанттар.
- 4) Шығарма, мазмұндама, және олардың түрлері.

Тірек сөздер: есту диктант, көру диктант, таңдау диктанты.

Қазақ тілі бойынша жүргізілетін диктанттар екі топқа бөлінеді:

- а) Мәтіні өзгертілмеген диктанттар.
- б) Мәтіні өзгертілген диктанттар.

1) Мәтіні өзгертілмеген диктанттардың ішіндегі күрделісі - түсіндірмелі диктанттар. Бұл диктанттар дауысты, дауыссыз дыбыс әріптерінің, әріптер тіркесінің, біріккен сөздердің, қос, қысқаша сөздердің, зат, сын, сан есімдердің, тұйық етістіктің, шылау сөздерінің емлелеріне байланысты жүргізіледі.

Түсіндірмелі диктант екі түрге бөлінеді:

- а) есту диктанты
- б) көру диктанты.

Есту диктанты емле ережелерінің шегін ажырата отырып, оқушылардың есту қабілетін өсіруге байланысты орындалады. Есту диктанттың орындау тәсілі екі түрлі.

Бірінші түрі: сөз құрамының және сөз таптарының жазылу ережесі ауызша түсіндіріледі де, дайындалған мәтінге оқушылар көз жүгіртеді. Бұл мәтін мұғалім тарапынан жаздырылады.

Екінші түрі: мұғалім белгілі емлеге сай дайындалған мәтінді жаздырады. Жазу үстінде белгілі бір емлелердің астын сызып отыруды жүктейді. Диктанттағы емлені оқушылардың өздері түсіндіріп, қатесін өздері түзетеді. Белгілі бір емлені түсіру үстінде диктант мәтіні 90-210 сөзге дейін болады.

Көру диктанты емлені айыра отырып, көру қабілетін дамыту мақсатында жүргізіледі. Бұның да орындалатын амалы екі түрлі:

Бірінші түрі: емлеге сай дайындалған мәтін оқушыларға оқытылады да, мұғалім оны дәптерге жаздырады. Оқушылар жазылған диктантты емлеге сай түсіндіреді. Диктанттың бұл түрі мәселен қысқартылған сөздердің емлелеріне байланысты жүргізіледі.

Екінші түрі: мұғалім мәтінді тақтаға жазады. Емлеге байланысты түсіндіру кезінде тақтаға орфограммалардың асты сызылады. Мәселен, реттік сан есімінің емлесіне сай төмендегі мазмұнда жаздырылады:

Мен бесінші сыныпта оқимын. Асқардың қарындасы үшінші сыныпта оқиды. Абай- XIX ғасырдың екінші жартысындағы шығыс әдебиетіндегі ірі тұлғаның бірі. Бақылау диктанты. Бұл диктант белгілі бір өтілген бір емлеге байланысты оқушылардың білімі мен сауаттылық дәрежесін сынау, байқау мақсатында жүргізіледі. Диктант мәтінін таңдауда мазмұн жағынан тәрбиелік мәні күшті болуы керек. Мәтін екі түрлі болады:

- 1) әр түрлі мазмұнды мәтін
- 2) бір түрлі мазмұнды мәтін.

Бұл екі түрлі мәтінді ертегі, әңгіме, романдардан, газет-журналдардан, жаттығулар және диктанттар жинағынан таңдауға болады; Оқушылардың сауатты, қатесіз жазуы диктанттың сапалы да тиімді өткізілуіне байланысты. Мысалы, алдымен диктанттың тақырыбы тақтаға жазылады. Дауыссыз дыбыс әріптері мен әріптер тіркесінің емлесіне арналған бақылау диктанты.

(диктант мақсаты) айқындалады:

а) үнді дауыссыздар емлелерін қаншалықты игергенін байқау;

1) ұяң дауыссыз дыбыстардың емлесін бағдарлау;

б) қатаң дауыссыздың емлесін сынау;

в) оқушылардың емлелік қателерін байқау;

- г) жалпы сауаттылығын байқау;
- д) қандай орфографиялық қателерді көбірек жіберетіндігін есепке алу;
- е) диктант арқылы өтілетін теориялық және емлесілік тақырыптарды меңгеруін байқау; (Соңында диктант жаздыру техникасы бойынша тоқтап кетемін).

Қателер үстінде істеуге оқушылардың өзін іздендірудің де пайдасы мол.

Қазақ тілі бойынша жазба жұмысына бөлінетін сағаттар бағдарламалық тақырыптан да, тіл дамытудан да, қайталаудан да алынады.

Мектеп оқушыларының білімін бағалау үшін оқу жылының басы мен соңында және әрбір тоқсанда өткізілетін бақылау диктанттың сөз саны мынадай нормаларда болуы керек:

IV сынып үшін - 80 - 100 сөз, V сынып үшін - 100 - 110 сөз,

VI сынып үшін - 110-120 сөз, VII сынып үшін - 120 -140 сөз,

VIII сынып үшін -140-160 сөз, IX сынып үшін - 170-180 сөз,

X сынып үшін - 190-200 сөз, XI сынып үшін - 200-210 сөз.

Әр сыныптағы жазба жаттығу, үйрету және бақылау жұмыстарының саны мына мөлшерде бөлінеді:

IV сынып - 8 диктант, 4 мазмұндама, 2 сынақ және 2 үй шығармалары;

V сынып - 8 диктант, 4 мазмұндама, 3 сынақ және 1 үй шығармалары;

VI сынып - 6 диктант, 3 мазмұндама, 2 сынақ және 2 үй шығармалары;

VII сынып - 5 диктант, 2 мазмұндама, 2 сынақ және 3 үй шығармалары;

VIII сынып - 5 диктант, 3 сынақ және 2 үй шығармалары;

IX сынып - 4 диктант, 4 сынақ және 3 үй шығармалары;

X сынып - 3 диктант, 4 сынақ және 3 үй шығармасы;

XI сынып - 2 диктант, 3 сынақ және 3 үй шығарма;

(Соңында бағалау жөнінде айтып өтемін).

Мәтіні өзгертілген диктанттардың бір түрі - шығармашылық диктанты. Бұл диктант оқушылар тілін дамытып, емледен қате жібермеуге төселдіреді және өз ойларын сауатты жазуға баулиды. Шығармалық диктант былай жүргізіледі: дауысты және дауыссыз дыбыс әріптерінің емлесі бойынша оқушылар белгілі сөздерді өздері атайды. Мұғалім оны сынып тақтасына жазады. Осы жазылған сөздерді кіргізе отырып, оқушылар сөйлем құрайды.

Мысалы: Гримм, металл, Кузбасс т.б.

Мен бүгін Гриммді көрдім. Біз металлдар жинадық.

Біз жазда Кузбасста болдық. Таңдау диктантында мәтін түгел жаздырылмайды. Тек мәтіннің ішінен өтілген емлелік ережелерге байланысты сөздер бөлек жазылады. Бұл диктант былай жүргізіледі: алдымен (о, ө, у, ұ, ү) әріптеріне байланысты мынадай таңдалады: Шаңқай түс. Сауыны асқан биенің үрпінен сүт тамшылап тұр.

Шығарма жаздыру әдісі - қазақ тілінен жүргізілетін дағдылардың ішіндегі қиында, күрделі түрлерінің бірі. Мұнда оқушылар өз бетінше жұмыс істеп, қазақ тілінен алған теориялық білімін практикада сынап көреді. Тілдік тапсырмалары бар шағын шығарма жаздыру әдісі, жаңа, бекіту, тексеру, сынақ және өтілген материалдарды қайталау процесінде алып барылады. Тілдік фактілерді кірістіре отырып, бір түрлі мазмұнды мәтін жасау шығарма жаздыру әдісі деп аталады.

Бұл шығарма бойынша жұмыс істеу екі түрлі жолмен жүзеге асырылады:

Біріншісі - ұжымды түрде шығарма жаздыру;

Екіншісі - жеке оқушыға шығарма жаздыру;

Біріншісі сыныпта мұғалімнің басшылығымен жүргізіледі. Мұғалім алдымен қазақ тіліне байланысты қай тақырыпқа сай шығарма жазылатындығын, шығарманың шарттарын түсіндіріп, сыныптағы оқушылармен талдау жасайды. Оқушылар шығарма жұмыстарын қалай жазудың техникасын әбден меңгеріп алған соң, үй тапсырмасы ретінде тапсыруға болады.

Екіншісі жеке оқушылармен өз бетінше шығарма жазу жұмыстары көбінесе үйде орындалады. Тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісіне тоқталайық: қазақ тілін оқытуда картиналар бойынша шығарма жаздыру, теориялық мағлұматтард берік меңгертуде, дағдыландырылатын материалдарды жаттықтыруда, ой қабілетін өсіруде, көру мен есіту дағдысын күшейтуде үлкен маңызға ие.

Тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісі алдымен суреттер бойынша жүргізіледі. Бұл тәсілдің құрылымдық элементтері мыналар:

- 1) Қай тақырыпқа байланысты тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру керектігін анықтайды.
- 2) Тілдік тапсырмалары бар шығармаға сай картина іріктеледі.
- 3) Тақырыпты кірістіре отырып шығарма жазылады. Мысалы, тәуелді жалғауды кірістіре отырып шығарма жазу.
- 4) Шығарманы сөздерге қарай отырып, тәуелді жалғаудың жалғану ерекшеліктері дәлелдетіледі.

Тілдік тапсырмалары бар шығарма жаздыру әдісінің құрылымдық элементтері мыналар:

- 1) Белгілі бір тақырыпқа байланысты шығарма жазу екендігі ескеріледі.
- 2) Шығарма жазудың шарты дауыстап оқытылады.
- 3) Сынып тақтасына керекті сөздер жазылады.
- 4) Әрбір оқушының жұмысын аралап жүру арқылы барлау, бақылау жасалады.
- 5) Шығарма сынып тақтасына жазылады.

Мәселен мұғалім жалқы есім мен жалпы есімге байланысты «Біздің мектеп» деген тақырыпқа сай жазылатын шығармалық жаттығулардың шарты дауыстап оқытылады. Мына төмендегі сөздерді пайдалана отырып, шағын шығарма жазыңдар да, жалқы есім мен жалпы есімдердің емлесін еске түсіріңдер. Осы жұмыстан кейін сынып тақтасына шығармаға керекті сөздер жазылады. Мысы Шымкент, қала, мектеп, біз, Жамбыл Жабаев, спорт, волей-болшылар, ұстаз т. б. сияқты сөздерді кірістіре отырып, оқушылар сөйлемдер құрап, шығарманың мақсатын орындауға жұмылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

- 1) Диктанттың неше түрі бар?
- 2) Мәтіні өзгерілмеген диктанттарға нелер жатады?
- 3) Мәтіні өзгертілген диктанттарға нелер жатады ?
- 4) Шығарма жұмысы қандай жолдармен жүзеге асады?

Мәнерлеп оқу оның методикасы.

Жоспар:

- 1) Мәнерлеп оқу түрлері мен тәсілдері.
- 2) Интонацияның басты тәсілдері.

Тірек сөздер: шапшаң оқу, іштен оқу, дауыстап оқу, интонация, пауза, ритм, темп, тембр, логикалық, психологиялық және грамматикалық паузалар, екпін, т. б.

Мәнерлеп оқу - мәнерлі оқу заңдары мен принциптерін үйретеді, Қазақ тілі сабағында әрқашан мәтін үстінде жұмыс жүргізіліп отырады. Өмірді оқушыларға түсіндіру, сездіру, сезім дүниесі арқылы өмірді таныту - оқытушының міндеті. Көркем мәтінді оқу барысында оқушылардың білім өрісі кеңейеді, дүниеге эстетикалық көзқарасы қалыптасады. Оқылған мәтіннің мазмұны мен ондағы негізгі ойды ұғынуы, сезім мүшелеріне әсер етуі мәтінді мәнерлі оқуға тікелей қатысты. Мәтінді мәнерлі оқудың негізгі принциптері мыналар:

- 1) оқылған мәтіннің мазмұнын түсіне білу;
- 2) оқушылардың айтылған ойға сенімді де тиянақты қатынасы болуы;

3) мәтіндегі айтылған ойды талдай білуі қажет.

Қазақ тілін практикалық тұрғыдан меңгертудің мәнерлі оқу жұмысы үлкен қызмет атқарады. Мәнерлі оқу арқылы оқушылардың сөйлеу дағдысы дамиды, әрі жазу қабілеті шынығады, Мәтінді дұрыс оқу мынадай жұмыс жүйесі негізінде жүзеге асырылады:

- а) сөздерді дыбыс пен әріптерге талдау;
- б) буындарға ажырату,
- в) лексикалық жақтан түсіндіру;
- г) сөз таптарына сай талдау;
- д) сөздердің орын тәртібі мен байланысу жолдарын ажырату;
- е) мәтіндердің қысқаша мазмұндарын айттыру т.б.

Мәтінді түсініп дұрыс оқығанда, сөйлем мен сөзді, дыбыс пен буынды қайталамау, сөйлем мағынасын бұзбау талаптары қалтқысыз орындалуы керек.

Қазақ тіліне байланысты теориялық білімді практикада жүзеге асырудың тағы да бір тәсілі - дауыстап оқу мен іштен оқу. Тіпті оқуға жаттықтыру -осы дауыстап оқу бойынша жүзеге асырылады. Бұлай етудің себебі, оқушы әр сөзді, әр сөйлемді саналы түсініп оқуға дағдыланады; оқығанын есту арқылы жадында ұзақ уақыт сақтауға бейімделеді; т.б.

Қазақ тілі бойынша таңдалған мәтінді жылдам оқуға дағдыландыратын тәсілдердің бірі - шапшаң оқу. Шапшаң оқу мәтінді дұрыс түсініп, оның мазмұнын терең ұғыну үшін қажет. Шапшаң оқуға жаттықтыру әр дыбыс жүйесі негізінде алып барылады:

- а) алфавиттегі әріптер тәртібін жаттату;
- ә) дыбыстау мүшелерінің қалай орналасқандығын түсіндіру;
- б) дыбыс мүшелерінің дыбыс шығарудағы қызметтерін айту;

Монологиялық сөйлеудің дәл берілуі мән оқу тәсілдеріне тығыз байланысты болады. Соның бірі - дауыс интонациясы.

Интонация-латынның «қатты сөйлеу, айту» деген сөзінен алынып, қазақша **дауыс ырғағы** деген мағынаны білдіреді. Интонация арқылы оқушы өзінің көңіл-күйін білдіру мақсаты-мен басқа біреудің сезіміне әсер етеді.

Интонацияның **басты тәсілдері**: пауза, логикалық екпін, темп, ритм, тембр. **Пауза** сөзі латынның «тоқтату» деген сөзінен алынып дауыс кідірісі дегенді білдіреді. Паузалар сөйлем ішінде келуіне қарай: **дауыс кідірісі** және **дауыс үзілісі** болып бөлінеді.

Дауыс кідірісі көбінесе сөйлем ортасында келеді де, дауыс аздап қана бөгеліңкіреп, айтайын деген ой аяқталмайды. Ал дауыс үзілістерде болса, дауыс ұзақ уақыт бөгеледі, яғни айтайын деген негізгі ой аяқталады. **Дауыс үзілісі** көбінесе сөйлем аяқталған жерде болады. Пунктуацияларға қатысты паузаларды **грамматикалық паузалар** деп, ал пунктуацияларға қатыссыз паузаларды **логикалық паузалар** деп атайды. Логикалық пауза сөйлемдегі жеке сөздерді және сөз тіркестерін өзге сөздерден бөліңкіреп айту үшін қолданылады. Ол бөгеліңкіреген сөздерге ой екпіні түсіріліп, аздап кідіріс жасап айтылады. Ішкі эмоцияға тиісті қойылған паузаларды психологиялық паузалар деп жіктесе болады. Бұл пауза қазақ тіліне арналған мәтіндегі негізгі ойдың тілек, алғыс, қарғыс, ұрсу т.б. көңіл-күйін білдіретін орындарда болады.

Қазақ тіліне арналған мәтіндегі синтаксистік категориялар мен пунктуацияларға байланысты қойылған паузаларды **грамматикалық паузалар** деп атайды.

Интонацияның негізгі тәсілдері арқылы белгілі бір сөйлем ішінен бір сөздің немесе мағынасы басым сөздің бөлектеніп тұруын - **логикалық екпін** дейміз.

Логикалық екпін дауыстың қай сөзге басым қаратылғанын айқындап, сол сөздің мағынасын ашуға көмектеседі. Логикалық екпінді түсінуде дауыс жоғарылап барып тынады. Дауыс әуенінің жылдамдығы күшейіп, сөйлем аяқтарда бәсеңдей барып бітеді.

Дауыс темпі (шапшаңдығы) көркем шығарманың идеялық-эмоциялық мазмұнына, сол шығармадағы образдың ұнамды, ұнамсыз болып келуіне және олардың іс-әрекетіне қарай өзгеріп отырады. Мәнерлі оқудың бейнеленген тәсілдері дауыс темпінің өзгеруіне үлкен әсер етеді. Олар мыналар:

- а) эпитетті шығармалар шапшаң дауыспен оқылады;
 - б) метафорлы шығармалар күшті дауыспен, ерекше темппен айтылып оқылады;
 - в) кейіптеу мәнді өлеңдер шапшаң дауыспен оқылады;
 - г) гиперболалы шығармалар шапшаң дауыспен оқылады.
- т.б.

Ритм (дауыс ырғағы) шығарманы оқығанда, айтқанда белгілі сөздерден кейін дауыс аз бәсеңкіреп, кідіріс жасалып, кейде көтеріңкі болып айтылған дауыс толқынын ырғақ дейміз. Мысалы, // Өлеңді айт дегенде// ағылтқанмын//, Жүйріктей домбырамды// сабылтқанмын// Дауыс ырғағы созылып, белгілі бір ән жүйесіне салып айтқандай болып көрінеді.

Дауыс тембрі (құбылуы). Көптеген себептерге байланысты дауыстың әр түрлі шығу ерекшелігін дауыстың тембрі дейміз. Тембр-адамдардың табиғи дауысының көрінісі мен сапасын білдіреді. Маманданған артистер мен дикторлар белгілі дәрежеге дейін өз дауысының тембрін өзгертуі мүмкін.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

- 1) Мәнерлеп оқу деген не?
- 2) Мәнерлеп оқудың қандай түрлері бар?
- 3) Мәнерлеп оқудың негізгі принциптері қандай ?
- 4) Психологиялық паузалар деген не?

Қазақ тілінен жасалатын жоспарлар.

Жоспары:

- 1) Қалып жоспарларына жалпы сипаттама.
- 2) Күнтізбе жоспар.
- 3) Тақырыптық жоспар.
- 4) Сабақ жоспары.

Тірек сөздер: күнтізбе, тақырыптық, сабақ жоспарлары, жай және күрделі жоспарлары т.б.

Сабақ-оқытушы мен оқушының арасындағы байланыс, қарым-қатынас, ұйымдастыру арқылы оқыту, үйрету, үйрену, білімді игеру жұмыстары. **Білім беру-** адам баласы жасаған білімдер жүйесін игеруді, соның негізінде дүниеге, қоғамға көзқарасын, таным-білім қабілетін қалыптастыру. Білім берудің маңызды жолы-оқыту, яғни сабақ беру. **Оқыту** дегеніміз жеке бастың жалпы білім алуы-ақыл-ойының дамуына ықпал ету және басты қалыптастырудың қажетті құралы. **Үйрету-**оқушыларға қазақ тілінен алатын білімін іскерлікпен дағдыландыру мен жаттықтыра білу жолы.**Іскерлік-**білім алуға ықпал жасайтын, алған білімнің негізін жүзеге асыра алатын әрекет. Қазақ тілі бойынша теориялық материалдар белгілі бір жоспарлар негізінде жүзеге асырылады.

ЖОСПАР өтілетін білім мен практикалық дағдыларды дәл көрсету үшін жасалады және жұмыстың көлемін, аумағын, методикалық жұмыс жүйесін анық белгілеуге септігін тигізеді. Жоспар деп белгілі бір орындалатын жұмыс тәртібінің аумағын айтады. Қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары белгілі бір (өтілетін) оқытылатын тілдік материалдың аумағын күні бұрын белгілейді, орындалатын істі күні бұрын жобалайды. Қазақ тілін оқытуға арналған жоспарлардың аумағы мынадай методикалық мәселелерді қамтиды:

1)Өтілетін тілдік материалдардың мазмұнын белгілейді. Өтілетін тілдік материалдардың мазмұны деп фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық т.б. тілдік материалдардың қамтылуын айтады.

2)Өтілетін тілдік материалдардың мөлшерін сұрыптайды. Тілдік материалдардың мөлшері деп әрбір сыныптың шама-шарқына қарай алынған тілдік материалдарының өзіндік белгілерінің жиынтығын айтады.

3)Өтілетін тілдік материалдардың ретін, тәртібін саралайды. Өтілетін тілдік материалдардың реттік тәртібі деп, тілдік материалдардың өзіндік белгілері мен дағды түрлерінің орналасу тәртібіне айтылады.

Жоспарлау жұмысында әрбір сыныпқа арналған қазақ тілі материалының өзіндік белгілері, жасалу жолдары, анықтама мен ережелері анық көрсе-тіледі. Қазақ тілі бойынша жоспарлау жұмыстары мазмұнына қарай 3-ке бөлінеді:

- 1) Күнтізбе жоспар.
- 2) Тақырыптық жоспар.
- 3) Сабақ жоспары.

Қазақ тілі бойынша әр сыныпта берілетін мағлұматтар бір жыл, яғни оқу жылы бойынша жоспарланады. Әр сыныптағы тілдік материалдарды оқу жылы бойынша мөлшерлеу *күнтізбе жоспар* деп атайды. Күнтізбе жоспар жасаудың жүйесі төмендегідей:

- 1) реті мен күні;
- 2) бағдарламадағы материалдар мазмұны;
- 3) сағат саны;
- 4) өткізілу мерзімі;
- 5) қосымша материалдар;
- 6) көрнекі құралдар;
- 7) пән аралық байланыс;
- 8) жүргізілетін ауызша және жазбаша жұмыстар;

9) өткізу әдістері мен оқыту қалыптары;

10) тіл ұстарту жұмыстары т. б.

Қазақ тілі бойынша жүргізілетін тақырыптық жоспар әрбір тоқсандағы өтілетін күрделі тақырыптарды жеке тақырыпшаларға ажырату үшін жасалады. Әр ай мен тоқсандағы өтілетін тілдік тақырыптарды тақырыпшаларға ажырату *тақырыптық жоспар* деп атайды.

Тақырыптық жоспарда материалдарды өту күні, қайталау үшін берілетін материалдар құрамы, тіл ұстарту жұмыстары және тілді әдебиет материалдарымен байланыстырып өту тақырыптары көрсетіледі. Әрбір тақырып пен тақырыпшаларға байланысты берілетін сағат саны дәл көрсетіледі. Мысалы, «Сан есім» бағдарламада 12 сағат ажыратылған. Оны төмендегіше сағаттарға ажыратуға болады:

- 1) Сан есім туралы түсінік - 1 сағат.
- 2) Дара және күрделі сан есімдер - 1 сағат.
- 3) Сан есімнің мағыналық түрлері - 6 сағат.
- 4) Сан есімдердің емлесі - 1 сағат.
- 5) Сан есімнің сөйлемдегі қызметі - 1 сағат
- 6) Сан есімнен өткенді қайталау - 1 сағат.
- 7) Тіл мәдениеті - 1 сағат.

Қазақ тілін оқытуға байланысты жасалатын сабақ жоспары күнделікті өтілетін тақырыптың көлеміне байланысты жазылады. Күнделікті өтілетін тақырыптарға байланысты жасалатын жобаны *сабақ жоспары* деп атайды. Сабақ жоспарын дайындауда мұғалім мынадай жұмыстарды (пайдаланады) әзірлеп алады:

- 1) өтілетін сабақтардың тақырыбын анықтайды;
- 2) осы тақырыпқа сай ғылыми-лингвистикалық әдебиеттермен танысады;
- 3) тақырыптың бағдарламалық көлемін белгілейді;
- 4) өтілу жүйесін анықтайды т.б.

Сабақ жоспары өзінің ішкі құрылымына қарай екі бөлімнен тұрады:

- 1) Кіріспе бөлімде сабақтың тақырыбы, сабақтың мақсаты, білім беру әдістері, көрнекі құралдар және сабақ барысы белгіленеді.
- 2) Ал негізгі бөлімде өткенді еске түсіру, талдау жұмысын жүргізу, жаңа материалды түсіндіру, үй тапсырмасын беру, үй еңбегін тексеру, оқушылардың еңбегін бағалау сияқты методикалық мәселелер енеді.

Сабақ жоспарлары жасалу көлеміне қарай 2-ге бөлінеді:

- 1) Жай жоспар.

2) Күрделі жоспар.

Жай жоспар барлық істелетін жұмыстардың түрлерін толық қамтымайды, тек сабақтардың сызбасын ғана көрсетеді. Бұл жоспар да екі бөлімнен тұрады:

а) кіріспе бөлім. б) негізгі бөлім.

Сабақтың тақырыбы: Анықтауыш.

Сабақтың мақсаты: оқушыларға тұрлаусыз мүшенің бір түрі- анықтауыштан теориялық білім мен практикалық дағды беру.

Білім әдістері: түсіндіру, талдау, кітап пайдалану әдістері;

Сабақтың жабдықтары: схема, кесте, оқулық, техникалық құралдар.

Сабақтың барысы:

1. Өткенді еске түсіру. Өтілген материалға жалпы шолу жасай отырып қорыту;

2. Жаңа материалдарды түсіндіру. Бұл мына жүйеде алып барылады:

а) тақтаға көрнекі құрал ілінеді;

б) анықтауыштың өзіндік белгілері түсіндіріледі;

в) анықтамасы айтылады;

г) пікір қорытылады;

3. Дағдыландыру жұмыстарын жүргізу.

Бұл жаттығу жұмыстарын талдау арқылы іске асырылады.

4. Үй тапсырмасын беру.

5. Оқушылардың еңбегін бағалау.

Сабақ процестері толық қамтылып жасалатын жобаны *күрделі жоспар* деп атайды.

Күрделі жоспарда істелетін жұмыстың мақсаттары, сабақтың жүйе-сі, жұмыс процестері толық көрсетіледі.

Мысалы:

Сабақ тақырыбы: Үстеу туралы түсінік.

Сабақтың барысы:

1) Өткенді еске түсіру;

Өткен сабақтағы тақырыпты еске түсіру үшін, оқушыларға карточкада сөйлемдер беріледі. Оған оқушылар талдау жасайды.

2) Жаңа материалды түсіндіру;

(Үстеу жайында түсінік беріледі. Өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі, анық-тамалар айтылады, мысалдар келтіріледі.)

3) Дағдыландыру жұмыстарын жүргізу;

(мұнда тақырыпқа байланысты жаттығулар мен талдаулар жүргізуге болады.)

- 4) үй тапсырмасын беру;
- (үйге 45-жаттығу. Үстеулерді теріп жазу.)
- 5) Оқушының еңбегін бағалау.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

- 1) Қалып жоспарлары деген не?
- 2) Күнтізбе жоспар қалай жасалады?
- 3) Тақырыптық жоспар қалай жасалады?
- 4) Сабақтық жоспар қалай жасалады?

Қазақ тілі сабақтарында көрнекі және техникалық құралдарды пайдалану.

Жоспары:

- 1) Көрнекі әдістер туралы түсінік.
- 2) Кестені, сызбаны, карточкаларды пайдалану әдістері.
- 3) Техникалық құралдарды пайдалану.

Тірек сөздер: кесте, сызба, карточка, магнитофон, теледидар, компьютер т. б.

Өтілетін материалдардың өзіне тән белгілерін көзімен көріп, нақтылы түсіну үшін көрнекі әдістің атқаратын қызметі ерекше. Бұл әдіс оқыту процесінің барлық буынында қолданылады. Көрнекі әдістер мынадай дидактикалық талаптарды орындауда үлкен қызметтер атқарады:

- 1) оқушылар өтіліп отырған тілдік фактілерді өз көзімен көреді;
- 2) тілдік материалдардың өзіндік белгілерін мысалдармен дәлелдейді;
- 3) ереже - анықтамаларды өздері түйіндейді;
- 4) белгілі бір ой қорытындысын шығара алады;
- 5) өздігінен тілдік объектілерге сай мысалдар іздейді;

Тілді оқытуда жиі қолданылатын көрнекі әдістер мыналар: кестені қолдану әдісі, сызбаны пайдалану әдісі, компьютер, радио, теледидар пайдалану әдістері.

Кестеде өтілетін материалдардың жалпы бейнесі сақталып жасалады. Кесте оқу процесінің қызықты, тіл материалдарының нақтылы болуын қамтамасыз етеді, сонымен бірге оқушылардың көру мен есту қабілетін байқағыштығы мен бақылаштығын арттырады;

Дұрыс айту нормаларын үйретуде сызбалық көрнекіліктің пайдасы мол. Бұл көрнекілікте қажетті объектілердің дұрыс айтылу ережелері жазылмайды, тек дұрыс айтуға керекті формалар түрі сызықтармен көрсетіледі. Мысалы: дос+тар, -қа, -тың, -пен;

Дұрыс айту нормаларын оқушыларға меңгертуде орфоэпиялық карточкалардың пайдасы мол. Бұл карточкаларды сабақтың түрлі процесінде пайдалана беруге болады, карточкалармен жұмыс істеудің методикалық жүйесі былайша құралады

- 1) Алдымен мұғалім дұрыс айту ережелерінен мәлімет береді.
- 2) Тиісті мысалдарды жаттықтыру ретінде тақтаға жазады.
- 3) Тақтадағы мысалдарға ұқсас сөздерді айтуды жүктейді.

Мысалы: 1-карточка: Көп нүктенің орнына (м -н) дыбыстарының тиістісін қойып көшірің.

От жа... бады, шам сө..беді, т. б.

Техникалық құралдар көру мен есіту қабілетіне байланысты дыбыстық көрнекіліктің бір түрі болып саналады. Ол арқылы кез келген қазақ тілі материалдарын теориялық білім мен практикалық дағды беруде орфоэпия нормаларын үйретуде техникалық құралдың мынадай түрлері пайдаланылады: патефон пластинкасы, магнитофон, радиоқабылдағыш және теледидар.

Қазақ тілі сабағында логикалық жүйеге біріккен компьютерді пайдалану, өтілген пәнді қайталау кезінде, пысықтап, білімді қорытып еске түсіру кезінде пайдаланылады. Сондай-ақ, мәтінмен жұмыс жүргізу барысында компьютерді тиімді қолданудың мүмкіндіктері көп. Мұғалім магнитофон ленталарында жазылған сөздерді, сөйлемдерді, мәтіндерді қай тілдік материалдарға байланысты өткізуді жоспарлайды. Орфоэпия бойынша магнитофонмен жұмыс істеу тәсілдерінің құрылымдық элементтері:

- 1) дұрыс сөйлеу үлгілеріне байланысты алынған мәтіндер тыңдалады;
- 2) магнитофон пленкаларда оқушы өз сөзін жазып тыңдайды және оны тыңдау процесінде талдау жасайды;
- 3) дұрыс сөйлеу үлгілері мен өз ісін салыстыра отырып, белгілі бір ой қорытындысын шығарады;

Оқушылардың ауызекі тілін, дұрыс айту дағдысын қалыптастыруда радио мен теледидардың мәні үлкен, Радио мен теледидар бойынша жұмыс істеу әдістердің құрылымдық элементтері:

- 1) радио мен теледидар арқылы берілетін хабарды оқушылар ұқыпты тыңдайды;
- 2) хабарды тыңдау процесінде керекті орфоэпиялық объектіні жазып жадында сақтайды;
- 3) дұрыс айтылатын сөздерге еліктей отырып, оқушылардың өзі де дыбыстарды дұрыс айтып қайталайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

- 1) Көрнекі әдістер деген не?
- 2) Көрнекі әдістердің қандай түрлері бар?
- 3) Техникалық құралдардың пайдалану маңызы неде?

Қазақ тілі пәнінен сыныптан тыс жұмыстар, олардың методикасы

Жоспар:

- 1) Сыныптан тыс жұмыстар және олардың маңызы.
- 2) Сыныптан тыс жұмыстың түрлері.

Тірек сөздер: оқушылар конференциясы, мәнерлеп оқу үйірмесі, семинар сабақ, әңгіме-пікірлесу сабақтары, экскурсия т.б.

Сыныптан тыс уақытта жүргізілген жұмыстар оқушылардың алған білімдік қорын молайтып, ой-өрісін дамытып, дүние тану қабілетін арттырады. Оқушылардың көзқарасын, сана-сезімін қалыптастыруға көмек етеді. Мектептің оқу-тәрбиелік, қоғамдық-саяси жұмыстарымен ұштасып отырады. Сыныптан тыс уақытта жүргізілетін жұмыстар әр алуан: кластан тыс оқу, түрлі үйірмелер, семинар сабақ, әңгіме-пікірлесу сабақтары т.б.

Бұл жұмыстардың жүргізілуі әрбір оқушымен дұрыс қарым-қатынас жасауға, оның өзіне тән өзгешелік, ерекшелік жақындығын ұғуға мүмкіндік береді. Мектепте сыныптан тыс жұмысын ұйымдастыру үшін оқу жылының басында конференция өткізеді. Конференцияны өткізу алдында мынадай мәселелердің бетін ашады:

- 1) каникул уақытында әрбір оқушының қандай кітаптар оқығаны сұралады;
- 2) оқыған кітабына байланысты шығарма жаздырады (оларды түрлі-түрлі талдап көрсетсе болады. Мысалы, сөз тіркесіне, сөйлем мүшелеріне, лексикалық, фонетикалық талдаулар т.б.)

Өйткені әдебиет пен қазақ тілі пәндері бір-біріне сіз өмір сүре алмайды. Екеуі барлық уақытта бірін-бірі толықтырып отырады. Сондықтан әр түрлі ойындар, жарыстар ұйымдастыратын кезде екеуінің сұрақтарын қатар алып бару керек.

Семинар сабағын жүргізу- берілетін білімді тереңдету мақсаттарын көздейді. Семинар жұмысы тілді тереңдетіп оқытудың өзіндік ерекшеліктерін көрсетеді. Білім мен білік және дағдыны толықтыра түсу мақсатында жүргізілетін жұмыс формасын

семинар сабақ деп атайды. Семинар сабағын көлеміне қарай екі топқа бөледі:

1) Семинар сабағында 4-6 сынып оқушылары хабарлама жасайды.

2) 7-9 сынып оқушылары баяндама жасайды.

4-6 сынып оқушыларының жасаған хабарлары 7-9 сынып оқушыларының баяндамасына қарағанда жеңілдеу болады. 4-6 сынып оқушыларына берілетін тапсырманың көлемі шағындау, талқылау үшін қойылатын сұрақтың мазмұны оңайлау болады. Ал 7-9 сынып оқушыларының баяндамасы тақырыптың өзіндік белгілерін саралап ашып айтуға бағытталады. Қазақ тілінен өтілетін семинар сабағын жоспарлы түрде іске асырған мақұл. Семинар сабағын сапалы өткізудің практикалық мәні үлкен. Семинар сабағы мақсатына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

1. Тапсырылған сұрақтарды талқылау сабағы.

2. Хабарлама немесе баяндамалар жасау сабағы.

3. Саяхат әсерлерін талқылау сабағы.

4. Мамандармен кездесу сабағы.

Әңгіме-пікірлесу сабағы оқушының тілін дамытып, пікір айту (ауызша, жазбаша), сауатты сөйлеу, өз ойын терең жеткізе білу, коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру мақсатында жүргізіледі.

Мектепте әдеби-творчестволық, драмалық, мәнерлеп оқу үйірмесінде, кештерде, оқырмандар конференциясында кейбір мәселелерді талдауға байланысты баяндамалар болып тұрады. Оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарының қандай бағытта бара жатқаны туралы байқау мектеп көлемінде жүргізіледі. Бұл жұмысты мектеп конференциясы дайындайды. Мұндай конференция мектеп тәжірибесінде оқу жылы ішінде 2-3 рет болады.

Мектепте әдебиет пен тілге байланысты сыныптан тыс жүргізілген жұмыстардың бір саласы - *түрлі үйірмелер*.

Бұлардың ішінде мектепте жиі кездесетіні: әдебиет үйірмесі, драмалық үйірме, мәнерлеп оқу үйірмесі. Әрбір үйірмеде 15 адамнан құралып, әрбір үйірменің өзіне тән бағдарламасы болады. Сабақ уақытында өтілген күрделі тақырыптарды үйірмеде кеңінен өтіп пайдаланса болады. Ана тілге, қазақ тілге байланысты түрлі жарыстар (мысалы, әлсіз топ, ғажайыптар алаңы т.б.) өткізіп сол жеңіп шыққан оқушыны олимпиадаға дайындауға болады. Мұндай жарыстарда берілетін сұрақтарды әдебиет пәнінен араластырып берсе болады. Мәнерлеп оқу үйірмесінің негізгі мақсаты - оқушылардың көркем сөз тексін мәнерлеп оқу жөніндегі дағдыларын арттырып, келістіріп оқу техникасын жетілдіру.

Сұрақтар мен тапсырмалар.

- 1) Сыныптан тыс жұмыстардың ерекшелігі неде?
- 2) Сыныптан тыс жұмыстардың қандай түрлері бар?
- 3) Әңгіме пікірлесу сабағының маңызы неде?

Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша әдебиеттер тізімі.

1. Д.Әлімжанов. Қазақ тілін оқыту методикасы. 1990ж.
2. Ә.Исабаев. Фонетиканы оқыту методикасы. 1991ж.
3. Х.Арғынов. Қазақ тілі методикасы. 1993ж.
4. Ә.Исабаев. Қазақ тілін оқыту формалары. 1990ж.
5. Ә.Исабаев. Қазақ тілінен 4-5 сыныптарға арналған таблицалар.
6. А.Жаппаров. Қазақ тілінің стилистикадан оқыту негіздері. 1990ж.
7. С.Қазыбаев. Қазақ тілі методикасы. 1990 ж.
8. С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы. 1990 ж.
9. Ә.Исабаев. Қазақ тілінен өтілетін сабақтар 1996ж.
10. Ә.Исабаев. Қазақ тілін оқыту методикасының бағдарламасы.
11. Ә.Исабаев. Қазақ тілін оқыту методикасы 2003ж.
12. М.Балақаев. Қазақ тілінің мәдениеті 1992ж.
13. Қ.Ниеталиев. Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі 1991ж.
14. И.Ұйықбаев. Тіл мәдениетінің кейбір мәселелері. 1994ж.